

76.120.4(257K-4K3)

Б 73

хан БОЛАТБЕКОВ

*Жусанды даланың
жұпар шісі*

**Әлмесхан Мәтенұлы
БОЛАТБЕКОВ**

**ЖУСАНДЫ ДАЛАНЫҢ
ЖҰПАР ИІСІ**

УДК 070
ББК 76.02
Б 73

Өлмесхан Мәтенұлы Болатбеков.

Б 73 Жусанды даланың жұпар иісі. Алматы, 2009, – 204 бет.

ISBN 978-601-06-0293-9

Бұл кітап Сыр бойының саңлақ перзенттері жайлы, олардың туған жерге деген қамқорлық пейілдері, ел өміріндегі елеулі оқиғалар, жас буынды отанды сүйеге, патриоттық сезімге баулу секілді адами құбылыстарға мән берді. Ал, негізгі идеясында өскен ортаға өзіндік өнегені дарытуға, ұрпақты ұлағатқа ұйытуға септігі мол мәлімет тартылған. Туындының тартымдылығы сол, оқырман одан ойлы деректер алады, оқи отырып саналық сипаты өседі. Жазылу желісі жеңіл, көркемдік мазмұны терең бейнеленген. Кітап жалпы оқырманға арналған.



Б 4502020000
00(05)–09

УДК 070
ББК 76.02

ISBN 978-601-06-0293-9

© Болатбеков Ө., 2009



ОЙ

Әр нәрсеге бір нәрсе түрткі ғой, қиялға қай-қайдағы енеді. Сонау албырт шақтың айдынына түсіп кетіп, шыңырау шегінен шыға алмай отырмын. Кәдімгі қызығы бітпейтін студенттік кезді ше, соны айтамын.

Алатаудың баурайына бауырлап, жантая жайғасқан ҚазМУ қалашығын білсеңіз, сол жерде білім қуған жастардың лек-легі бар. Нағыз жүзі басқа жүрегі бір, тілі басқа тілегі бір дейтін ақындар теңеуіне тап келетін қалашығыңыз осы.

Жатақханадағы өмір «жұмақтағы» жайлы тіршіліктей көрінеді. Өзіңмен қатарлас қыз-жігіттер арасында оқуға бірге талаптанасың, қазан-табағың ортақ болғасын, көжені бір қасықпен жейсің дегендей, етене аралас-құралас өмір құшағындамыз.

Бір ауылдың халқы ішіне сүңгіп кететіндей еңселі жатақхана руға да, ұлтқа да бөлуді білмейді, бір ананың баласындай бәріне тең қарайды. Студенттердің күндегі тіршілігі сабақтан соң дайындық пен қу тамақтың қамына кірісіп, құмырсқаның илеуіндей қыз-қыз қайнап жатады. Ара-арасында өзара сөз жарыстырып, сосын жарастырып, әркім өз ауылын, ауданын, облысын мақтан етеді. Сол жерден шыққан белгілі тұлғаларын санаймыз, сонан соң қазба-байлығын өлшейміз. Кім алға озады, сол мәртебелі көрінеді.

Сыр бойының терең тарихын қазбалап, астана болған, одан арғы-бергі шежіресін шертеміз. Жыр елінің жыраулық дәстүрі, Қорқыт қобызынан дарыған өнер мектептері, ақ күріштің атасы Ыбырай Жақаевтың диқаншылық даралығы, ғалымдар мен қоғам және мемлекет қайраткерлерінің мерейі тілге тиек етіледі. Сондай сәттерде Сырдағы жусанды даланың жұпар исі ерекше аңқып, жүрек әмірін жаулап алады. Пай-пай шіркін дегізген туған жердің тұғырына, тамашасына қайран қалып мен де бір мақтаныштан марқая түсетінмін.

Әрине, осындай тарихи талқылау барысында ауылдың жайы, ондағы тұрғындардың әл-ауқаты, артықшылықтары кеңінен тербеледі. Сол кезде ауылға азаматтардың бетбұрысы



қандай дегенде сәл кідіріп қалатын едік. Өйткені аракідік демесең, ауылға ат ізін салмай жүрген азаматтар үшін өзіміз ұялатындай халде болатынбыз. «Осыдан оқу бітірсем, сөз жоқ, ауылға барып қызмет жасаймын» деп іштей ой қозғаушы едік. Міне, сол уәде бойынша жұмысты ауылдан бастадық. Енді студенттік арман-мақсаттың екінші үлесі – азаматтардың ауылға көзқарасын екшеп көру тұғын. Кітап жазу мұратымен соны сертке алдым. Жалпы, әдеби терминде дифирамба деген сөз бар. Ол мадақтау деген мағына береді. Жақсыны мақтағаныңның еш сөкеті жоқ, қайта онымен мақтануымыз керек. Кезінде академик З.Қабдолов «Мұхтар Әуезовты мақтаудың қажеті жоқ, біз онымен мақтануымыз тиіс» деген болатын. Сол айтпақшы біз мақтанатын тұлғалар Сыр бойында аз емес.

Адам бұл өмірге қонақ. Жалған дүниеде жүріп, ізгілікті із қалдыруды парыз санап қоямыз. Әрине дұрыс нәрсе, әйткенмен онан да бұрын орындайтын шаруа да бар. Алдыңғы толқын ағалардың аманаты аяқсыз қалмау керек. Ұрпағымен мың жасаған адамның кейде ұл-қызынан аманатты ақтаудың мүмкіндігі тие бермейді. Сондай отбасыларды көргенде іштей налисың: «Мынаның бірі де әкесіне тартпаған екен, ә» деп күрсінесің. Ұлыдан да ұры туады дегендей, тұқымнан тараған түкке тұрғысыз ұрпақ болады екен. Алайда жаратылыс заңына жаңалық енгізе алмайтының ақиқат. Осы орайда ел ішінде бар мына аңыз-әңгімені айта отырып, аманат жүгін бағамдап көрелік.



АМАНАТ

Дала академигі Ыбырайдың әкесі Жақай ақсақал өмірінде алғаш рет ауылдан ұзап, үлкен үмітпен Сарыарқаға көппен бірге сапарға шыққан баласы Ыбырайға: "Өзін бір ойлап, өзгені екі ойлаған ер – нағыз ер. Кеудеңде жан барда, адам атыңа дақ түсірме. Аштан өлсең өл, тек азғындап өлме, былғаныш өмірден адал ажал артық. Жолың болсын", деп ақ тілек білдіреді. Міне, атаның аманаты осындай болған. Бұл бір аманат. Ендігі аманаттың мәні былайша:

... Күн кешегідей емес, шыжғырып барады. Құйқаның бір қабат терісін күйдіріп сыпырып тастауға бар. Аспанның төсі тесіліп кеткеннен сау ма, мынауы сұмдық ғой. Бүйте берсе, мұрыннан қан кетіп, тірідей талықсып кетерміз-ау. Космос деген бәлекет түбімізге жетті білем, пайдасынан зияны басым сияқты. О тоба, ақырзаманның басы осы болмаса игі еді.

Сәкіде жатып өзімен өзі сөйлеп, ашуы аузында дайын тұрған ақсақалдың күбіріне бала-шаға көңіл бөлген де жоқ. Бір кезде есітсін дегендей даусын көтеріп, сөзін созып-созып жіберді.

– Осы қазір сөзге тұрақсыздауымыз ба білмеймін, құлақ аспау, құлықсыздау қарау қанымызға сіңіп кеткен сияқты. Аманатты арқалауға лайық азамат арамыздан шықпай қала ма деген күдігім бар, – деді де қария ауыр күрсініп алды.

– Сонша неге таусыласыз, ел аман, жұрт тынышта нені шаңдатқыңыз келеді өзі, – деді баласы сосын.

– Әй бәтшағар, сенің атыңды мен жаңылып қойғанмын-ау, омыртқаң осалдау көрінеді.

– Түк таппаған түріңіз бе бұл. Енді есіміме тиістіңіз ғой.

– Шырағым, қартайған соң қара есекке теріс мініп қалатын жай болады. Сөз далаға кетіп, іс онбай іркіліп, келіннен де именіп, шағадан да шеттеніп жүрміз ғой. Асықпасаң сенің де басыңа келеді қарттық. Сонда әкем осылай деуші еді деп еске алмасаң ап кел қолыңды. Біз мынау тозған томардай мүжіліп барамыз. Байлаудағы бұзаудай бүйірді қасынып, үйде отырып қалдық. Кәрі көңілімнің шашпауын көтеріп, өлсем ақ жауып



арулап қояды деген ұлдың бірі сенсің. Бірақ саған сенімім аз-дау. Өйткені өлімді оңай көресіңдер. Бір күн бері, бір күн әрі кетерміз бізде. Сонда құтылдым-ау кәрі қасқырдан деуің әбден мүмкін. Алайда уақыт өтер, реті келер, ажалдың құлқыны ашылып, кезектің сәті туғанда сенен де бақ бұлбұл ұшар. Сол кезде барып дүние кезектің мәнін түсінерсің, балам!

– Түу, сіздің ауыздан жақсы сөз шыға ма өзі?

– Әр сөздің салмағы бар. Сезіне білген, салмағын да көтереді. Біз де бала болдық. Уақыт селтендетіп қойған жоқ. Бейкүнә кезден арқаға ауыр жүк түсті. Бейнетпен өскен біздің қатарластар қазір сиреп барады. Сендерге сол сабырсыз күндер оралмасын, бейбіт заман бүтін болсын.

– Соған мен кінәлідей, айта-айта құлағымның құрт етін жедіңіз ғой. Басқа түссе баспақшыл, маңдайға не жазса көреміз ғой.

– Дұрыс, бірақ оған төзетін бүгінгі баланың белі де, шыдамы да кері кеткен. Ол ол ма, жанашырлық сезімі салқын тартып, мейірім-шапағаттан ада. Тіпті бауырға бүйрегі бұрып, еміренбейді. Мен осыдан қорқамын. Әрине, басқа түссе бәріне көнесің. Алайда, бір-біріңмен қырқысып, алқымнан алысып, қол қан төгіске апарып қоя ма деп уайымдаймын. Өйткені түрлерің жаман, пейілдерің бұзылған.

– Әке, сіз басқа планетаның адамы сияқтысыз. Күндегі тіршілік солай емес пе. Әркімнің өз тірлігі бар, біреудің біреумен шаруасы жоқ. Бұдан артық не керек өзі? Әйтеуір отбасын асырап, бала-шағасын қатардан кем қылмай өсірсе – парыз өтелмей ме?

– Сөздерің әдемі де, істерің көріксіз. Менің көңілім оны ұнатпайды. Түйірдей дәйегі жоқ тірліктің несін созғылайсың. Адам деген ақыл иесі, сөзі мен ісі жарасып тұрғаны абзал. Тұрақсыздық басым. Көрер көзге алдап, жымқырып кетуге жандарың құмар. Сол еді айтпағым. Сондай-ақ әке аманатын орындай ала ма деген үмітімді қайсысы ақтайды деп таусылып жүрмін.

Айтпақшы, аманат туралы ескінің бір ауыз әңгімесін айтып берейін, тыңдайсың ба?



– Тыңдамасқа жаныңды тірі қоярсыз. Ал, айта қойыңыз...

Ертеректе базар-ошарға жасауға шыққан керуеншілерге ауылдас ағайындар өзіне қажетті затын тапсырып, пұл өткізіп жатса керек. Олардың ортасына бір балақай да кірісіп, керуен басыға өтініш айтыпты.

– Ағатай, маған мына бір ділдәға келетін әлдебір зат алсаңыз болғаны,– депті ол.

Мұны құп алған саудагер ділдәні шөнтекке салып, аманатты арқалап кете барыпты. Күндердің бір күнінде ірі қаланың базарына түскен керуен елдің тапсырмасы бар, өздерінің қажеті дегендей түйені теңдеп болған соң, кері қайтудың қамына кіріседі. Айтпақшы,– дейді сонда саудагер: – баланың аманаты бар еді, соны орындайын деп базар ішін аралап кетеді. Базардың бір бұрышында балақай мысық сатып тұр екен.

– Шырағым, мына мақұлығың қанша пұл? – дейді ол.

– Бір ділдә.

– Онда маған бере ғой. Сенің сұрағаныңдай қалтамда бір ділдә қалыпты, деп мақұлықты қоржынға салып алады.

Жол ұзақ, күндіз жүрісті өндіріп, қараңғы түсіп, көз байланғанда ел отырған мекенмен қабаттас түнеуді олар өзара ойластырады. Сол келісіммен бір шаһарды паналап қонады. Шаршаған шығар, қатты ұйқыға беріліп кетсе керек, таң бозара бере шаһар патшасының нөкерлерінің аяқ дүбірінен бәрі атып-атып тұрды.

– Әйтеуір тыныштық па екен, бізден алым-салық жинап жүрмесе игі десіп қалды іштей.

– Мына мақұлық кімдікі, кәне бері шықсын, – деп бұйырды да оны патша іздеп жатқанын айтты.

Бар пәле мысықтан шықты. Сол үшін патша бізден өшін алмақ. Енді не істейміз десіп абдырасып қалды саудагерлер.

– Жоқ жігіттер, аманаттың жолы ауыр, көтере алмасаң мойныға алма. Сондықтан мен барамын,– деді керуен басы.

Топ нөкермен кеткен ол түске таяу оралды. Жай ғана емес, бір үйір жылқы айдап келді. Жанындағылар түсінбей таңырқап тұр.



– Бұл өзі қызық болды. Шаһарды тышқан жайлап, содан әбден әбігер көрген патша қанша амал жасаса да қырып тауыса алмапты. Кеше түнде сол жауыз тышқанды мысық түгел қырып тастаған көрінеді. Соған сый деп мына үйір жылқыны үлкен құрметпен берді. Енді бұл балаға базарлық болмақ, – дейді керуен басы.

– Неге бұлай айтасыз? Егер мысықтың кесірінен басыңызды алғанда не болар еді?

– Ол жазаға да амалсыз көнемін. Өйткені аманатты орындау мен үшін үлкен мақсат, – дейді ол.

Керуен жолға шықты. Жолай керуен басын айтақтап, жылқыны бөлісуге жанындағылар үгіттейді.

– Баланың бергені бір-ақ ділдә. Соған сай сауға алдыңыз. Ал, жылқы жөнінен бізден басқа адам бейхабар. Сондықтан еңбегімізге қарай ортаға салайық.

Дүние деген пендені бұзбай тұра ма, бір күн өткен соң керуен басы да келісімін берді.

Бірақ сол түні қарақшылар керуенді тып-типыл етіп тонап кетті. Жер шұқып қалған олардың енді басы қатты. Бәрін мұң басып, елге қарайтын бет қалмады. Сөйтіп тұрғанда кездейсоқ жүргінші кісі жолықты. Оған бастарына түскен баянсыздықты баяндап берді.

– Мұны шешуге болады. Бірақ бір сұраққа дұрыс жауап берсеңіздер, дүние-мүлік сол күйі қайтарылады, деп жүргінші керуеншілердің күпті көңілдерін бір басып қойды.

– Ол не сұрақ, кәне айтшы, жауап беріп көрелік, – десті олар жамырыса.

– Қарақшылар сіздер базардан шыққан бойда соңдарыңа түсті. Алайда керуенді перделеп, әлдебір күш жібермей тұрды. Осы не құбылыс екенін айтсаңыздар, – деді бейтаныс кісі.

– Түсінікті, – деді керуен басы, – бұл дегеніңіз аманат еді. Бір балақайдың аманатын кеше бұзып қойдық. Бәлкім, сол қасастық шығар.

– Жауап көңілге қонымды. Енді заттарыңызды жеткізіп береді. Дегенмен аманатқа адал болғандарыңыз абзал. Ол жігітті сынайтын үлкен сын. Адамды алдағанмен Аллаға жалғандық жүрмейді, – деп жүргінші жүріп кетті.

Міне, осыдан кейін аманатқа қиянат жасап көр. Ол кешірілмес күнәға батырады. Түсін де, санада ұста, оқырман!



ТҮЛЕККЕ ТІЛЕК

Қазақтың шұрайлы тілі алыстан қайырып, ойын астарлап, абайлап айтатын сөз шебері демеске шараң жоқ. Мақал-мәтелдің шығуы да сол шеберліктің шыңы. Қысқа түйінмен қыруар мағынаны қиюластырған саналық сипатына еріксіз бас шайқауға апарады. Мен солардың ішінен «Ат айналып қазығын табады» деген мәтелді алдым және оның мәні бір кітаптың жүгін арқалауға тұратындай тереңде жатқанын дәлелдегім келді.

Біріншіден, бүгінгі ұрпақ армансыз ұрпақ. Оқыған, сауаты жөнінен ешкімге дес бермейді. Екіншіден, жас та болса көргені көп. Ел кезіп, жер тануға, техникалық мүмкіндіктің мол заманында бәрі қолайлы. Осындай жетістіктің өзін кейде дұрыс пайдалана алмай дал боламыз. Жалқаулыққа салынып, ұйқыдан көзіміз босамайды. Расын айтқанда, не жеймін, не көремін деген мәселе жоқ секілді. Сөйте тұра, қанағатсыздық қарынды тоймырмайды. Ел ішінде жүргенде кейбір көріністерге қанығып, тоба қыласың. Капиталистік дәуірге тән ақша табуға тырбанған талайлар бар. Аяқ-қолы сау адамға бұл күнделікті үйреншікті бейнетке ұқсайды. Ал, денсаулықтан қорлық көріп отырып, он екі мүшесі дін аман азаматтан артық жұмыс істейтін жарымжан жігіттерге таңданасың. Олар жаныма батты демейді. Намысқа тырысады. Қайтсем, көштен қалмай, ел қатарлы өмір сүре алатынын дәлелдеуге тырысады. Осындай қайратқа мінген азаматтар өнегесі тепсе темір үзетін жастарға жалқаулықтан арылуға жұдырық болып тиіп жатса қандай жақсы. Туасы, бейбіт өмірдей бақытты шақ болмайды. Тыныш ұйқы, тату тіршілік тілеген адам үшін қазіргі дәуіріміз жұмақтың төріндей десекте жарасады. Жуырда Ауғанстаннан көшіп келген қандас ақсақал кешегі күйін еске алуға қиналыс білдірді. Дегенмен ол деміккен жылдар дабылын былайша суреттеді: – Ауғанстанда қай күні тыныш отырып, арқа-жарқа болғанымызды білмеймін. Астапыралла, атыраптың астан-кестені шықпай, елдің айқай-шусыз жайбарақат өмір сүргені болған емес. Сол қолымызға



қару ұстап, оң қолымызбен тамақ ішуші едік. Жау қайдан тап келеді деп алаңдап, жанымызды шүберекке түйіп жүрген кездеріміз көп. Адам бір жаны үшін не істемейді, үйдің астынан үңгір қазып та ажалдан құтылудың қамын жасаған уақыттар өтті. Енді мынадай мәйегінен май тамған атамекенге оралдық. Мұндағы халық қандай бақытты, арманы жоқ шығар,— деп айтқаны ойға оралды. Шынында, бүгінгідей берекелі базарға жететін дүние бар ма?

Мен «кім бақытты» деген сауалға жауап іздеп, біршама кісімен әңгімелестім. Әркімнің пікірі әрқилы. Біреу сүйіктісін, біреу сүйікті ісін балайды. Дұрыс ғой, кімде не жоқ, сол арман емес пе? Бақыт та дәл сондай. Бірақ бақытты өмірді он екі мүшесі сау пенде ғана көре алады екен. Демек барам деген жерге барған, көрем деген нәрсесін көрген кісі ең бақытты жан ғой. Оны ұғыну үшін тағдырдан теперіш көрген кісімен сөйлесіп, жан азабын сезіну керек. Сонда барып шүкіршілік етуге бел буатыныңыз сөзсіз. Біз тойған сайын тобамызды ұмытып кеттік. Тіпті өкпешіл болып алдық. Болмашыға бола ат құйрығын кесіп кетуге дайынбыз. Былайша айтқанда, пиғыл бұзылып барады. Шалдар шапан кимедім деп шиыршық атады, жастар бір жартыға жаға жырттысып жатады. Әйтеуір көңіл толмаған дүние. Баяғыда кемпірлер: «бұдан да жаман кезде тойға барғанбыз» дейтін. Сол сөз кейде қамшы болып тиеді. Қиындықта аталамен де алқалы жиын атқарылғаны аңғарыла түседі. Бірі біріне өкпе артпай, жетпегенін жеткізіп, олар жақсылыққа ортақтасқаны белгілі. Осындай орам қайта татулықты нықтап, іргені бекем ұстауға сеп пе деп қаламын. Заманның небір салмаған көрген ақ самайлыдан бастап, қара сақал буын өткеннің осы сабағын еске ұстап отырса қандай жақсы. Бәлкім, мұның шарапаты көпке өнеге дарытар, бетке ұят қонар.

Қазір тамақты таңдап ішеміз. Той бәсекемен өтеді. Дастарханда құстың сүтінен басқаның бәрі болады. Қысқасы ысырап көп. Шамасы келген де, келмеген де осылай жасап жатыр. Беу дүние десеңші, бұл бақыт қаншалықты созылады, білмеймін. Бір білетінім, аста-төктің де астапыралласы бар. Біз осындай-



да бақытты екенімізді ұмытпай, жайлы кезеңнің жоралғысына ризалығымызды бағыттап отырғанымыз баянды болар еді.

Енді сөз сарайын онан сайын салмақтап, өткеннің өнегесімен өлшеп көрелік. Естеріңізде болса, мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Оңдасынов зейнетке шыққан соң қалған өмірін өзінің туған топырағы Түркістанда, ағайынның ортасында өткізуді ойлайды. Қызмет бабымен үнемі сыртта жүргендіктен туған еліне деген сағынышы алабөтен еді. Бүгінгі Аманкелді ауылы кіндік кескен жері, осында келгесін үлкенкіші, қатар-құрбысына сәлем беру дәстүрі бар, ағайынның арасына кіреді. Иісі қазақ мақтан тұтатын қайраткерді ауылдастыры жақтыра қоймады.

– Біз атақ-абыройыңа шәк келтірмейміз, бірақ туған жерін ойламаған адам бізге бөтен кісідей көрінеді. Мынау өзің туған ауылың, кім айтады осы ауылдан қайраткер азамат шықты деп. Сиқы сын көтермейді, е дені дұрыс көше жоқ, е мектеп жоқ. Ал, ұрпақ өсіп келеді. Олар аға жолын көрмесе, өнеге алмаса, ертеңгі күні қалай болмақ? – деп қалды бірі оған.

Бұған уәж айтар жауап болмады. Арада бірнеше күн өтпестен Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың қабылдауына барды. Ол республиканың бірінші басшысына ауылдағы ақсақалдардың ренішін бүге-шүгесіне дейін жеткізді де ендігі жерде соған көмек көрсетуін сұрады.

Қонаев қайраткер қарияның қиналысын іштей сезіп отыр. Және мұндай марқасқаның меселін қайтару бірінші хатшы атына сай еместігін де біледі. Соны ой елегінде салмақтап алып: – Жолдас Оңдасынов, сіздің орныңызды, Қазақстан үшін жасаған игіліктеріңізді құрметтеймін, үлкендік жолыңызды да үлгі тұтамын. Мен аманатыңызды шұғыл орындауға уәде беремін, – деді екеуара әңгіме үстінде.

Аманаттың жүгі ат үстінде жүргенге ұяты ауыр міндет. Бүгінгідей жылы-жұмсақ сөзбен алдарқату, құрғақ уәдеге салыну секілді сұйық парыздан ол кездің адамы ада, кіршіксіз таза келетін. Айтты ма, орындау ұлы парыз болатын. Қонаевтың адамгершілік тұрғыдан шоқтығы биік тұлға екені дәл осы жерде



тағы төбе көрсетті. Келесі жылдың бюджетінен Түркістан ауданы Аманкелді ауылының әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге байланысты қомақты қаржы бөлдіріп, мектеп, бала бақша, көше салдырып берді. Бұл жақсылықты ауылдастары бүгінге дейін аузынан тастамай, аңыздай ақтарып отырады. Және оның өнегесі тек бір ауылдың емес, ауданға да ықпалын тигізіп келеді. Ол Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойын атап өтуде байқалды да. Ортақ мерекеге атсалысқан азаматтар арасында рухани қаланың қалталы жастары биіктен бой көрсетті.

Осы оқиға ойымнан бір сәт кетпейді. Бұрындары кеңестік дәуірде тұрақты түрде «ауылына қарап азаматын таны» деп үлгі-насихат жұмыстары жүретін. Бүгіндері соның ізі көрінбей кетті. Бәлкім, жағдайдың түзеліп, ештеңеге аландаушылық болмаған мынадай мәйегінен май тамған замандағы қанағатсыздық, қарын тойса да көз тоймаған жеке мүдделік пиғылдың басымдығы ма екен? Әлде бауырдан бала жақын болған отбасылық кеңістіктен шыға алмайтын шырғалаң шарасыздық па? Түу бабалардан келе жатқан дара дәстүрдің ұмытыла бастаған белгілері ме бұл?

Біз кешегінің өнегесінен қаша алмаймыз. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен дейтін қазақтың қасиетті қанатты сөзінен ауытқымауымыз керек. Сонда ғана ұлт болашағы, ел келешегі өр кеудеде жалын атып тұрады.



АУЫЛҒА БАРҒАНДА

Ауыл дегеннен шығады, біздің балалық дәурен өткен Бөріойнақтың адыр-адыр белдері, Жеті төбенің қызғалдақ теретін көкмайса баурайы, разъездегі қым-қуыт тіршілік, тарсыл-дүрсілі байыз таппайтын поездар қозғалысы еске түседі. Алақандай ауылдың ешкіммен шатағы жоқ, тәулік бойы темір жолдың жұмысымен біте қайнасқан жұмысшылардың әрбір сағаты санаулы. Жүйткіген поездбен жанасып өркениет лебі соғатын секілді. Соған ілесіп жастар жағы Мәскеу асып, әсем Алматы барып, жан-жаққа тарап жатады. Білім құған сол жастар ой-өрісін өсіріп, кем-кетігін толтырып, ауылдың абыройы үшін атсалысып жатты. Перроннан ұл-қызын сағына күткен аяулы аналарды көз шалады. Соларға қарап тұрып, өзімнің анам Әмила Омарқызының бейнетпен өткен өмірі ойға оралады.

Қан сасыған соғыстың қайнаған тұсында шешемнің бес жылға жуық бедеулік зарын тартқаны бар. Бұл оның аналық арманын тұсаулап, жанын құлазытқан кезі еді. Ішкі мұны бір бөлек, одан басқа уақыт талабының қаталдығы сондай, перзентсіз әйелді ауыр жұмысқа жегіп, күн-түн демей дамыл бермепті. Қазір көз алдымда жауапкершілік жүгін арқалаған анамның мүжілмеген бейнесі елестейді. Үйдің түтінін де түтетіп, қоғамның қызметін де атқарып, рухы биік қалыбымен қауымға танылған тұлғасы жанарымда жатталып қалған. Сол бейне қайта-қайта көлбеңдеп, көз алдына келеді. Бәлкім сағынышым ба, әлде заманның тегеурінді тауқыметіне төтеп беріп, әрі аналық мейіріммен айналасын нұрландырған қасиеттілігі ме, мен темір жол бойына жиі баратынды шығардым. Басқан ізін көргім келеді, еңселі балғасы тиген рельсті сипағым келеді. Әйтеуір артында іздеуші ұрпақ қалдырған аналық адал үмітін ақтағым келеді.

Жаңақорғанға жол түскенде Құмсаба бейітіндегі ата-анамның қабіріне аялдап, бейіттің айналасын тазартып, шырақшы бар, өзім бар, әйтеуір әруақтарға дұға оқып



тұрамын. Осылай тірі ұрпаққа тиесілі міндетті қолдан келгенше атқарып жүрмін. Әкемнің басын қарайтқанда Қазақ журналистикасының қайраткер қызы, ұлттық радионың өркендеуінде өзіндік өлшеусіз қолтаңбасын қалдырған апам Бибігүл Мәтенова Алматы ауыр машина жасау зауытынан әкенің ұмытылмас бет-бейнесін, аты-жөнін, туған жылын поршень құймасынан тақта етіп құйдырып, бұрын-соңды болмаған әдемі жаднама жасады. Әпкемнің (оңтүстікте апа осылай аталады) ғұмыры қысқа болды, бірақ осы аз уақыт оның шынайы шеберлігін де, іскерлігін де танытып, перзенттік парызына адалдығын үлгертіпті. Жатқан жері жайлы болсын, біз үшін Бибігүлдің орны озық, мерейі үстем болып, мәңгілік жүрегімізде жатталады.

Тарихтың шындығы да енді айтыла бастады. Кеңес әскеріне көмек ретінде азуы алты қарыс Америкадан жіберілген қару-жарақ Египеттен бері Суец каналы арқылы жүріп отырып Самарқанға жеткізіліп, одан Қаратауға қарай көш бастайды. Түйеге тиелген ауыр қару Бөріойнақтан бірақ шығады. Сөйтіп поезға артылады. Эшалонның есебі жоқ, бірінен соң бірі тіресіп, шойын жолдың бойын босатпайды. Теміржолшылардың міндеті – пойыз қозғалысын тоқтатпай, жүру қауіпсіздігін сақтап отыруы тиіс. Әйткенмен отыны таусылады, немесе бір жері бұзылады, темір жол желісін жауып қалатын кездер көп. Сондықтан ақ патшаның кезінде тартылған рельсте Әймен әулеті, Болатбек, баласы Мәтендер, Қалберген, Пшан Мампаевтар әулеті, Айтбай Дүйсенбаевтар, Ділдабек Сапаровтар әулеті, Әсәтілла Омаровтар, Шәймерден Сауранбаевтар әулеті күндіз-түні жанкештілігімен еңбек етті. Онымен іс бітсе жақсы ғой, онан қалды шектен тыс жүк тиеген эшалонның салмағын көтере алмай рельстер шыдас бермейді, мезгілсіз сынады да жатады. Ал, сосын накладкамен қысып, болт байлау басталады. Тынымсыз еңбек қашан аяқталып, қашан тоқтайтыны белгісіз, әйтеуір уақытпен санасу жоқ. Сондағысы еңбекақыға бір кило бидай мен болымсыз ақы береді. Кейіннен Төменарықтан нан таситын болды.



Сол бір әрі құпия, әрі жауапты мезгілде Әмила анамызды Жетітөбе мен Қостөбе ортасындағы темір жол көпіріне күзетші етіп қойды. Көпір үйден екі-үш шақырым алшақ жатыр. Күндіз адамның қарасы бар, әйт десе естиді. Қиыны түн ғой, жападан жалғыз тұрасың. Ең құрығанда, қолына қару ұстатса қайтеді, сес болады. Ол да жоқ. Бір қолында Мәтеннің жиде талынан шауып берген шоқпары, бір қолында ондық шам. Күзетші анамның бес қаруы осы. Оның жағдайы осылай деп жатқан ешкім жоқ, уақыттың талабы да сол болуы керек, жынысына қарамады, ерлерге жүктелетін жұмысты әйелден де талап ету бар тұғын. Қас қылғанда сол жылдары ашқұрсақ жыртқыш аң да көбейіп кеткен. Малды былай қойып, адамға бас салудан жасқанбайтын. Сонда деймін-ау, қорқыныштан тайсалмаған шешемнің де жүрегінде түгі бар екен ғой. Айналайын анам-ай, қиналған сәттерін тіс жарып айтпағаны ғой. Әкем Мәтен көзін ашқаннан теміржолда қызмет етті. Маңдай тер, адал бейнетімен омырауына орден таққан бірегей бригадир болды, қазір разъезде оның ескерткіш тақтасы ілулі тұр.

Мен ата-анам жайлы айту ғана емес, туған жерге перзенттік парызымды қосудың жай-жапсарын әңгімелеуді мақсат тұтып едім. Жалпы, туған жерге табыну, оның әрбір бұтасына да құрметпен қарау, қарапайым ауыл адамына ізет көрсету керек. Ауыл адамын қарашаңырақтың иесі ретінде ерекше ілтипатпен қабылдауға тиістіміз. Оларды туған жерден алысқа ұзай алмай, қара қазан, сары баланың қамын жасауға қалған деу шолақ ойлаудың сарқыты. Ол – асыраушы ортаның өкілі, қала халқын азық-түлікпен, көкөніспен қамтамасыз етуші қауым. Ет керек болса ауылды аңсаумен, бір өлі, бір тіріде ағайынға барумен шектелу біржақтылық пікір. Онанда қолдан келген қамқорлығыңды жаса, ашық-жарқын пікірлесіп, олардың мұң-мұқтажына құлақ сал. Міне, ауыл халқына мұнан артық шарапаттың қажеті шамалы.

Жылына екі-үш рет ауылға барып, баламен де, кәрі-қартаңмен де емен-жарқын әңгімелесіп, олардың ішкі әлеміне үңілемін. Кедей кісі жомарт деген рас, кең даладай дархан пейіл солардың ортасында ғой. Ас-қатығын алдына тосып, төрге



оздырудың төре салтын ұстағаны қандай керемет. Пейілге тою деген осы емес пе?

Біздің Әймен әулетінен бәйтеректей бұтақ жайып, тамырын тереңге салған тұқым бар. Солардан салмағы да, жан-жағы да бар Пілмәмбек, Қалдыбек, Әбдіғаппар, Махандарды атауға болады. Ал, бәріміздің бүгінгі үлкені, қатарының арасында әдемі қартайып, Алланың ардақты жолында жүрген Тұрсынқожа Айдарұлы көкеміз ұрпаққа ұлағатты сөз, тағылымды терең ой терген тамаша тұлға. Мен сол кісінің ақыл-кеңесіне арқа сүйеймін, керегімді табамын. Саналы ғұмырында теміржол саласына маңдай тері сіңген, кейіннен есеп қызметінде болған Тұрсынқожа көкенің көкірегі асыл кеудесіне қонған қалам тербейтін де қасиеті бар. Оның «Намаз» атты өлеңі исламға бет түзеген қауымға шарапаты тисін деп беріп отырмын.

Атадан сіңген қан ғой бойымызға,
Адамдыққа адалдық ойымызда.
Үйреніп шариғаттың жөн – жобасын,
Жақсының жөн сілтеген ойын бұзба.
Ел болды, егеменді ата жұртым
Салт – дәстүрге сайланды тойымыз да.
Сондықтан ораза тұт, намаз оқы.
Секеңдеп селкілдеуді қойыңыз да.
Намазды бес уақыт үйреніп ал,
Үстіне жайнамаздың қоныңызда.
Бамдат, Бесін, Намаздыгер әр қашанда,
Намазшам, Құтпан болсын ойыңызда.
Иншалла, үйренейік бәрімізде,
Үлкен – кіші, жас болсын, кәрімізде
Соққан қан ертелі кеш денемізде,
Ықпалын беру хақ қой бәрімізге.
Бірден қиын үйрену азаматтар!
Сырттан қарап тұрғандай бәрі бізге.
Біртіндеп қысқа аяттан қаперге ал,
Келгенше шама – шарқан әлімізге,
Алладан бес уақыт тілек тілеп,
Күнәлардан арылу дәрі бізге.
Жас келіп, орта жастан асқаннан соң,
Жайнамазда отыру сәнімізде.
Ережеп, шағбан айы келді міне,



Ораза тұту міндет бәрімізге.
 Тұтуға жүрексің бе жәмиғатым,
 Тазалықты қондырып тәнімізге.
 Исламның ықпалы арта түссін,
 Үлкен – кіші, орта жас, бәрімізге.
 Иншалла, имандылық аса түсіп,
 Діннің дарып дәруіш дәні бізге.
 Құтпан – 9, тарауық 20 басты,
 Оқып шығу қиындау әлі бізге.
 Сондықтан имандарға ұйып жүрміз.
 Келешек жақсы үйрену парыз бізге, –

деп келетін шумақтарынан имандыққа ұюға дәріптеген даналық ойын ұғамыз.

Туасы, әрбір сапардан көңілге түйгенім көп. Кейде жылы сөзге сусап, немесе қаланың тіршілігін білгісі келіп тұратын қариялар болады. Бала-шаға кәрінің шашбауын көтеруден жалыға ма, әлде қадірін түсінбей қала ма, әйтеуір ауыл жаққа жол түскенде сондай сәттер ұшырасып отырады. Мұндайда ұрпағына әкенің өткенгі өнегесінен өзектеп, ертең орнын сипап қалғанда іздеп сағынатын боласыңдар деп қоямын. Өмірдің өзі бір кем дүние ғой, мынау ерсілі-қарсылы тіршілікте бір-біріміздің қадірімізді кеш түсініп, сан соғып қалатынымыз бар, сондайдан сақ болса деймін. Ал, көп жасаған, көпті көрген шежірелі ағалардың қатары сиреп бара жатқанда олардың тағылымы мол терең ойларын тыңдаған қандай тамаша. Әттен уақыт тарлық жасайды. Әйтпесе көкірегі асыл ағалардың көкейінде гүл көктемнің кереметі, жаз жайдарының жұпар иісі, күз берекесі мен қыс қаһары сығымдалып тұр ғой. Тарқатсаң шұбатылған жіптей жөней береді. Сосын жақсының жанында өткізген бір сағаттың өзі бір жылға татитындай әсер әкеледі.

Кейбіреу қасында жүрген жолдасын жақтырмай, сөзге келіп қалғанын қысастық немесе қастық деп қабылдауы келіспейтін ұғым. Қас деп отырып өзіннің күдігінді, ниетінің бұзық нышанын сездіріп аласың. Ата-бабадан бері жаула-сып, арада қалған қанды кек секілді жолдасыңды көп алдын-да жаратпай тастау үлкен әбестік. Қанша көңіл қашқақтап тұрса да қасты да дос етудің мүмкіндігін іздеген анағұрлым



азаматтық іс. Ұлттық пәлсафада «алдына келсе атанның құнын кеш» деп бекер айтпаса керек. Мұның психологиялық, эстетикалық, патриоттық ықпалы орасан. Кісіліктен кішілікке, бауырмалдық ізгілікке апаратын тура жол осы.

Біз Наурыз мерекесін қатардағы мейрам салтанатына балап кеткен сияқтымыз. Шын мәнінде, бір шаңырақтың астында, дастархан басында араағайындық ескі жараның аузын бітеудің амалын қарастыруға, сызат түскен қатынасты жөнге салуға, өкпе-ренішті ұмытуға тырысқан жөн. Сонда ғана сыйластық та, құрмет те артады. Осы үлгілі үрдістерге мән беру бүгінгі күні кемшін болып барады. Көзге көріне бермейтін ауыл арасындағы алауыздық ауыздықталмай барыс-келістің бағыты бұзыла береді. Бұл ертеңгі өскін балаға да, туыс-жегжатқа да жібі түзу жағдай емес. Жұмыртқадай жұмылған топ бір мезгілде жік-жікке бөлінеді. Осыдан кім ұтылып, кім ұтады?

Бұл жік-жіктің басы кешегі жаппай жекешелендіру кезінде шаң берді. Жер мен мүлік бөліске түскенде ағайын бір-бірінің бетін көрместей суынып кетті. Одан кейін нарық заманы келді. Тағы да теке-тірес басталды. Ортада қарыз жүрді, соның сылдыр дауы сотқа жүгінуге дейін апарды. Мұны неге айтамын, бұл пейілімізді тарылтып, жылтыр дүниеге жақындатып жіберді. Бұрынғылардың «бұдан да жаман уақытта тойға барғанбыз» дейтін алданыш пен жұбанышын қазір құрдымға жібергендейміз-ау. Баланың тиын тапқанына қуанамыз. Бірақ ол қандай жолмен, қай қабілетіне сай тапты, оған аса мән беру жоқ. Капитализмнің көздеуі бұлай емес, таза еңбекпен табыс болу керек. Сосын сауда мәдениетіне салқын сезіммен қараймыз. Тұтынушының талабы ескерілмейді. Базарға барсаң сатушылар тарапынан дөрекі сөз айту, ғайбаттап жіберу, тауардың үстіне артық үстеме құн қоя секілді теріс пиғыл баршылық. Бұл әлі де болса сатушы мен алушы арасындағы байланыстың сәтсіз сипаттарын көрсетеді. Бақсақ, уағында Қазалы, Түркістан Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі сауда орындары саналды. Беріректегі уезд орталығы болған тарихи мәртебесі бар сол қалалар



қазір сауда мәдениетінің де жарқын беті болып тұр. Соған қарағанда түбірінде тағылым орныққан елдің ізі өшпейтіні белгілі екен.

Елбасы Н.Назарбаевтың халыққа арнаған дәстүрлі Жолдауларын оқи отырып, өзара салыстырмалы жағына мән беремін. Әрине Жолдау белгілі мақсаттарға бағытталғанымен мазмұны мен маңызы халықтың күнкөрісін өсіру, ауызбіршілігін сақтау, барға қанағат, жоққа сабыр жасап, бейбіт тіршілікке шүкіршілік ету дегенге саяды. Біз айтып отырған мәселенің бәрі де сол Жолдаудың тілеуі мен тіреуі екені шүбәсіз. Сондықтан ел бірлігі бәрінен де қымбат қазына десек жаңылмаймыз.

Елбасының Жолдауы жарияланған күннен «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы қызметкерлері ақпараттық-насихат шарасы ауқымында аймақтың шалғай ауылдарын аралап, елді мекеннің уақытпен үндескен шаруасына сүйсініп, кем-кетігіне кеңес беретін дәстүрлі сапарына шығады. Айдынды Арал жағалауы мен қарт Қаратау етегін жайлаған жұртшылық бүгінгі республика тынысынан бейхабар емес, Мемлекет Басшысының парасатты қадамдарына қанық десе болғандай. Президенттің Азия мен Еуропа елдеріне барған жұмыс сапарының сәтті қырларын қариялар иінін қандырып әңгіме етуден жалықпайды, тіпті белсенділігі мен жаңалықты білу жөнінен жастардан гөрі жан-жақтылығы жоғары тұрады. Қазақстанның Еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастық Ұйымына төрағалық етуге дайындық барысынан кең көлемде сабақтаған салиқалы сөздері саясат сахнасынан да сарқытын бос жібермейтінін сездіріп жатты.



ЕЛ ІШІНЕН ЕР ДЕ ШЫҒАДЫ, ЕРЛІК ТЕ ШЫҒАДЫ

Біз де бір мақтаныш пайда болды. Кезекті еңбек демалысында шетелге барып тынығу үрдіске айналды. Қала басшылығында жүргенде әріптестік байланыспен АҚШ-тың Колорада штаты Арвада қаласында, кейіннен Түркияның Анталия курортты қаласында болғаным бар. Көрген соң көңілге түйер пікір қалыптаспай тұрмайды. Сонда мынадай ой мазалады. Туған жерден артық мекен жоқ, халық даналығы айтқандай, «әркімнің туған жері Мысыр» ғой. Бақсам, Швейцарияның таулы табиғатымен таласар Қаратау бар, теңіз десек бізде теңіз де бар, Қызыл кітапқа енген Тораңғыл тоғайлары, аң-құсы, Арабияның шөлі де бар, қысқасы қай мемлекеттің өзіне тән артықшылығын Сыр бойының төсінен табуға болады. Тек оның бағасына біз жетпей жүрміз. Партия қызметінде жүріп, туризмді дамытуға байланысты үлкен шаралар ұйымдастырдық. Бірақ, сөзбұйдаға салынып, созылып кететін кертартпа мінезіміз тұсаулап тұрады. Әйтпесе, Асан қайғы айтқан, «әр бұтаның түбінде бір асым ет жатқан» жердің қожайынымыз. Осындай киелі топырақтың кереметі бір бөлек, оның құшағында туып, тай-құлындай тебісіп өскен кешегі ұрпақтан қаншама қайраткер шықты. Солардың аты тарихтың тізбесіне енгенімен жас толқын жадында мықтап ұстатып, сондай ақыл-парасатқа талпынуға тәрбиелеу біздің борыш.

Қазір ақпарат құралдары жеткілікті. Электронды ақпарат көздерінен басқа түрлі жанрдағы басылым баршылық. Олардың көтерер жүгі әрқалай. Салмақты ой қозғайтын, бүгінгі күннің болмысын байыпты көрсетіп, уақытпен үндесетін ақпарат құралдары оқырманды жақсылыққа жетелейді. Ал, жеңіл ой, отбасы-ошақ қасы айналасындағы әңгіме желісін арқау ету кейбір газеттің құнын түсіріп тұрады. Міне, осындай ұнпарақтар оқырманға кері ықпал жасайды. Бұл жерде мен басылымдарды сынап-мінеп алайын дегенім емес, ақпарат заманында үгіт-насихатқа үлкен мән берілетінін айттайын дедім. Ел ішіндегі небір дүлдүлді дәріптеп, олардың



халық алдындағы орнын, мерейін өсіріп отыр. Осы бағыттағы игілікті іс көп. Әйткенмен «қазаншының өз еркі бар» дегендей жеке басқа табынушылық қырлары да қылаң беріп қалады. Ру көсемі немесе ру батыры секілді бұрын естіп-білмеген есімдер пайда бола бастады. Осы сарындағы мақала-әңгімелер халық батырларын көбейтіп жіберді. Әрине, батырдың көп болғанына қарсы емеспін, алайда ерлікті екінің бірі еншілей бермейді ғой. Жүз басы, мың басы, түмен басы бір-бір батыр ұстайды, ал біздің санауымыз бойынша әрбір сарбаз батыр атанып кетті. Сыр бойының сайын даласынан саңлақ шыққан Жалаңтөс баһадүр, Жанқожа, Бұқарбай, Көкен, Желкілдек батырлар туралы тарихи деректер бар. Мұнан бөлек әулие-әмбиелер қаншама. Солардың өзі тарқатып жазсақ талай туындыны толықтыра түсер еді.

Меніңше, ерге лайық ең үлкен атақ Халықтың адамы болу деп білемін. Ол – халықтың ортақ ойынан шыққан, бірлесе берген бағасы екені анық. Мүмкін ол биік орынтаққа жайғасқан шенеунік болар, мүмкін ол адам жанының арашасы шипагер болар, мүмкін қатардағы қарапайым адам шығар, мәселе солардың қайсысы ел есінде мәңгі сақталады.

Жасыратыны жоқ, облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған Еркін Нұржанұлы Әуелбековті халық ыстық ықыласпен атайды. Оның ел басқарудағы ерекшелігі, әділдігі, әбжілдігі көпке ұнады. Осы тектес танымал тұлғалардың тағлымы түнді күнге ұластырсаң да таусыла қоймайтынына таң қалмасқа болмайды. Осындай озық ойлы ұл-қызды өмірге әкелген ардақты біздің аналарымыздың алтын құрсағы демеске шара жоқ.

Жалпы, өңір шежіресін ақтарған сайын тарихи тұлғаларға көптеп кездесіп отырамыз. Қаратау мен Аралдың арасында ақиық азаматтардың лек-легі табылады. Олар елге жасаған өлшеусіз еңбегімен бағалы. Қай-қайсысы да қайраткерлік келбетімен құрметті. Таратып жазсаң том-том туындыға татырлық құндылық бар. Дегенмен ең болмағанда, солардың арасынан санаулы топқа тоқталуға тиістіміз деп ойлаймын. Сол себепті есіл ерлердің есімін елеп, атап өткен артықтық етпес.



Бегайдар Аралбаев, Садықбек Сапарбеков, Мұстафа Шоқай, Жорабек, Шаһмардан Есеновтар, Нартай Бекежанов, Бұдабай, Әбілда Тәжібаев, Ыбырай Жақаев, Қалмақан Әбдіқадыров, Қалтай Мұхамеджанов, Сұлтанбек Қожанов, Мұхамеджан Тынышпаев, Сүлеймен Есқараев, Темірбек Жүргенов, Тұрмағамбек Ізтілеуов, әрине тарихи тұлғалар тізбегі осылай жалғаса береді.



ҚОРҚЫТ

Ол қобыз атасы, композитор, жыршы, ақын, музыкант, бақсылық сарынның қамқоршысы. "Қорқыт ата кітабының" әдеби ескерткіштерінен IX-X ғасырларда билік құрған оғыз тайпасынан шыққандығын білуге болады. Оны Ш.Уәлиханов қазақтың алғашқы шаманы, алғашқы ақыны деп атайды. Қорқыт жайындағы аңыз әңгімелер Ә.Науаи арқылы белгілі болып, түркі халықтары, әсіресе қазақтар арасында кең тарады. Аңыздарда Қорқыт баба Қырмаш пен "жарық жүзді сұлудан" туылған делінеді.

Оның есімінің өзінде магиялық мән бар. Уәлихановтық-потаниндік түсіндірме "Қорқыт" сөзі – адамзат тұрмысының жағдайын көрсететін "қорқыту" сөзінен шыққан деп түсіндіреді. Өлімнен қорқу мен одан қашу – шаман халық аңыздарының жемісі. Аңыздарда Қорқыт қобыз жасаған. Ол қобыздың музыкалық дыбысталуынан үшкіру, ауа, сиқыр өткізген. Қорқыттың пайымдауынша, адамдар адамилық қасиеттерін сақтап қалу керек. Адам үшін ең қауіптісі – адамилықты жоғалту. "Қонақ келмес үйдің қирағаны жақсы, жылқы жемес шөртін шықпағаны жақсы, адам ішпес ащы судың ағысты жылғаларды кумағаны жақсы, атаның атын былғайтын ақылсыз ұлдың тумағаны жақсы". "Адам қанша қажетсінгенмен, ол өз үлесінен артық жей алмайды". Сол аңыздарда Қорқыт жер-жаһанды кезіп, "басқа елден әркімге өз елінде жақсы" деген ой түйіндегенін байқауға болады. Оның айнымас досы сиқырлы Желмаясы болды. "Қорқыт ата кітабы" – кейіннен түркі халқының құрамына қосылған оғыз тайпасының эпикалық жазба ескерткіші, Кітап оғыздардың өмірі жайында баяндайды.

Оғыз – қыпшақ тайпаларына ортақ тілде жазылған. Кітаптың араб әрпімен жазылған екі нұсқасы сақталған (Дрезден, Ватикан). Әр жырдың өзіндік сюжеті бар. Олардың әрбірінде көріпкел, тайпа көсемі, ақылгөй Қорқыт ата бейнесі берілген. Әрбір жырдың соңы Қорқыт атаны мақтаумен